WWW.AZRETSULTAN.KZ MUSEUMAZRETSULTAN MUZEI_AZRETSULTAN

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті **№12 (33) қараша 2019 жыл** *Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады*

«ТҮРКІСТАН – ЕЛІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚАЛА»

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан облысына жұмыс сапары аясында халықаралық туризмге сұранып тұрған мәдени-ағарту нысандарының құрылыстарымен сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жақын орналасқан саябақтар мен «Күлтөбе» қалашығы негізінде ашылар археологиялық парктің жоспарымен танысты.

Елбасы Шығыс Қазақстан облысы Түркістанға тарту еткен әуенді субұрқақ орналасқан жаңа алаңда қала жұртшылығымен кездесіп, облыс орталығының алдағы уақытта көркейіп, дами беретінін атап өткен. «Терең тарихқа үңілетін болсақ, бұл – қасиетті өңір, киелі жер. Жиырма бір ханымыз жерленген, сұлтандарымыз бен әулиелер мәңгілік тыныштық тапқан өте киелі орын. Тәуелсіздік алғаннан кейін, әрине мен көне шаһарға ерекше назар аудардым. Тіпті астананы таңдаған кезде де біраз ойландым. Бірақ оған жағдай болмады, өздеріңіз білесіздер.

Міне, енді уақыты келді. Түркістан қаласын облыс орталығы етіп, қайтадан жандандырып, елімізге осы киелі орданы қайтару мүмкіншілігі туды. Бұл қала бүкіл Түркі дүниесінің орталығы екені бәрімізге белгілі. Көршімізбен Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан қуанып жатыр. Олар да атсалысып, бізге көмектеседі деп сенемін. Түркістан шаһары алдағы уақытта ірі мегаполиске айналады. Осыдан біршама жыл бұрын Түркістанның 1500 жылдығын атап өтеміз деп біраз шаруаны атқарған едік. Сонда осы алаңда кездесіп, сөйлескенбіз. Сол кезде Түркістан орталық болады деп айтқанмын.

Мінекей, былтыр мен тарихи Жарлыққа қол қойдым деп тебірене толғанған Елбасы бүгінде облыс орталығында құрылыс қарқын алғанын, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауиге, Қазақ тарихына, Түркі тарихына байланысты нысандар салынып жатқанын да ризашылық сезіммен атап өтті. «Бұл өңірде туризмнің дами түсетініне сенімдімін. «Түркістанда бірнеше кезеңде 175 ғимарат салу жоспарланған. Соның 102-сі биыл іске қосылады. Жұмыстың қандай қарқынмен атқарылып жатқанын көріп отырсыздар. Бұл үшін мен осы жерде барлық облыстардың басын қостым. Қолынан іс келетін азаматтар өз шаруасын дөңгелетіп әкетіп жатыр. Болашақта әдемі қала болады, халық саны өседі. Қазір қала тұрғындарының саны 170 мың болса, меніңше аз уақыттың ішінде жарты миллионға жетеді. Кейін одан сайын көбейеді деп ойлаймын», деді Елбасы.

→2

МИНИСТР МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыру жөнінде министрлік тарапынан қолға алынған шаралар туралы баяндаған Ақтоты Рахметоллақызы мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеру, бұқаралық спортты дамыту, туризм саласын жандандыру, шетелден келетін туристердің Қазақстанға визасыз кіру мәселелеріне тоқталып өтті.

«Мәдениет саласына тікелей қатысы бар адам ретінде, жалақыны арттыру мәселесінің шешілуін қаншалықты күткенімізді түсінемін. Бұдан басқа, әлеуметтік жеңілдіктер мәселесі де пысықталуда. Мәдениет және спорт министрлігі меморандумдар әзірлеп, әкімдіктерге жіберді, оларды орындау үшін әлеуметтік қолдау шараларын, оның ішінде мәдениет және өнер қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайын жақсартуды қамтитын салалық жоспарлар бекітілетін болады», деді министр.

Сондай-ақ еліміздегі туризмді одан әрі дамыту үшін Түркістан облысында қолға алынған жобалар жайы да сөз болды.

«Түркістан – болашақ туристік аймақ болатын тағы да бір облыс. Бұл түркі халықтарының тарихи және рухани орталығы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ортағасырлық Түркістан қалашығын қалпына келтіру жөнінде белсенді түрде жұмыстары жалғасуда. Қайта құру нәтижесінде келушілер мен туристер саны миллионға дейін артады, ал олардың өңірде болу уақыты бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін артады деп күтілуде. Бұл облыс экономикасына қомақты қаржы құюды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ «Отырар» қалашығын ірі туристік жоба ретінде қалпына келтіру жобасының тұжырымдамасы әзірленді. Жыл соңына дейін «Отырар» сапар орталығы ашылады. Ал келесі жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты Гауһар ана кесенесі мен ортағасырлық Сауран қалашығында Сапар орталығы бой көтереді», – деді Ақтоты Рахметоллақызы.

Жиынға қатысқан мәдениет саласы қызметкерлері де ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Ақын, сазгер Әбдіхалық Әбдірайымовтің хакім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай жазушы Мұхтар Әуезовтің табаны тиген сырлы Созақ жерінен Семейге мәдениет және өнер керуенін ұйымдастыруға арналған ұсынысына алғысын білдірген министр Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өтуге де айрықша тарихи бастамалар қажеттігін айтты.

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Ясауитану-2019» республикалық байқау болып өтті. Іс-шара Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «Ұлы даланың ұлы есімдерін» ұлықтау мақсатында және Жастар жылына орай ұйымдастырылды.

Байқау шымылдығын «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов пен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Әлеуметтік қолдау және тәрбие жөніндегі вице-президент Әміреқұл Ергешұлы ашты.

Өз заманында-ақ халықтың ерекше ілтипатына ие болып, әулиелер сұлтаны атанған, кейінгі ұрпақтың да руханият әлеміндегі бағдарын айқындауда жетекші рөл атқарған Қожа Ахмет Ясауи артына баға жетпес байлық, өшпес мұра қалдырып кеткені белгілі.

→2

МУЗЕЙ САНЫ МОЛАЯ ТҮСТІ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі музейлендіру жұмыстарынан соң, келушілерге есігін айқара ашты.

Музейлендіру барысында кесене ішінде арнайы орындықтар қойылып, тұлғалар жайлы мәліметтер мен төл жәдігерлері орналастырылған.

Кесене ішінде арнайы орындықтар қойылып, тұлғалар жайлы мәліметтер мен төл жәдігерлері орналастырылған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 50-60 метрдей жерде орын тепкен архитектуралық өзгешелігімен ерекшеленетін күмбезді Рәбия Сұлтан Бегім ғимараты ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші қатарына жатады. Әмір Темірдің немересі, Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның әйелі, белгілі хандар Көшкінші мен Сүйініштің анасы Рәбия Сұлтан Бегімге арнайы тұрғызылған. Құлпытасы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінен табылған. Құлпытаста Рәбияның Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екендегі, 1485 жылы қаза болғандығы жазылады. Алғашында 8 бұрышты бір камералы, цилиндр тәріздес барабанға бекітілген биік күмбезі бар құрылыс ретінде салынып, кейіннен көп камералы шаршы жоспарлы құрылыстармен толықтырылған кесене ішінде Рәбия Сұлтан Бегім, немересі Келді Мұхаммед Сұлтан Сүйініш қожаұлы, шөберелері Мәстура ханым Келді Мұхаммедқызы, Мұбарак Шах Келдімұхаммедұлы, Құл Мұхаммед Сұлтан Келді Мұхаммедұлы жерленген.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХЫН ТІРІЛТУДІҢ ТАРИХИ ФЕНОМЕНІ →2

САЛТ-ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ →3

КАТТА ЛАНГАР ҚҰРАНЫ →4

«ТҮРКІСТАН – ЕЛІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚАЛА»

←1

Осылайша Түркістанның алдағы уақытта тарихи, мәдени орталыққа айналатынына сенім білдірген Нұрсұлтан Назарбаев. «Түркістан үлкен қалаға айналып, жан-жақтан туристер келетін болады. Биылдың өзінде бір миллионнан астам турист келіпті. Ал мына ғимараттар салынғаннан кейін тарихи, мәдени орталық қалыптасып, туристер көптеп келетін болады. Демек, қалада жұмыс көбейеді. Салынып жатқан ғимараттарда, қонақүйлерде қаншама түркістандық жұмыс істейтін болады, шаһар халқының әл-ауқаты жақсарады», деді.

Сапар барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев құрылысы аяқталған бірқатар нысандарда болды. Түркістандағы жаңадан ашылған Неке сарайында шаңырақ көтеріп жатқан жас отау иелерін құттықтап, бақыт пен береке тіледі.

Түркістандағы Халыққа қызмет көрсету орталығын салуды Павлодар облысы міндетіне алған-ды. Нысан құрылысы жоспарланған мерзімде аяқталды. Ал еліміздегі ірі құрылыс компанияларының бірі «BI Group» холдингі бірнеше нысанның құрылысын аяқтап, әкімшілік-іскерлік орталық, «Нұр-Сұлтан» алаңы және «Алатау» медиа орталығын аталмыш мерзімде пайдалануға берді. Қаладағы ең басты жоба саналатын бұл әкімшілік-іскерлік орталықтың ерекшелігі – айрықша сәулетінде. Облыстық әкімдік, басқармалар мен департаменттер орналасатын ғимарат қос қасбеттен тұрады: біріншісі – HPL-панельдер, екіншісі – ұлттық ою-өрнек түріндегі фибробетон. Мамандардың сөзіне қарағанда, қос қасбет негізінен ыстық аймақтарда жиі қолданылады, өйткені ол қараңғылық әсерін беріп, ғимаратты күннің ыстық сәулесінен қорғайды. Осы компания құрылысын жүргізген тағы бір нысан – «Нұр-Сұлтан» алаңы жалпы ауданы – 54 000 шаршы метрді құрайтын. Оның 30 000 шаршы метрі көгалдандырылып, ағаштар отырғызылған, аспанға атылған су ағыны мың құбылып, тұман, гейзерлердің бейнесін жасайтын субұрқақ орнатылған. Компания мұндай сұлу көрініс беретін субұрқақты бүкіл өңір бойынша қолдануға ниетті. Сонымен қатар «BI Group» холдингі қалада жергілікті БАҚ қызметі үшін салынған, заманауи құрылғылармен жабдықталған екінші ауқымды жоба – «Алатау» медиа орталығын да салды. Елбасы өңірлік БАҚ өкілдеріне арналған жұмыс бөлмелерін аралап көрді. Журналистерге арналған 4 қабатты ғимаратта 200-ден астам адам бір мезгілде жұмыс істей алады. Медиаорталықта конференц-зал, телестудия, аудио және видеомонтаж орындары, редакциялар мен әкімшіліктің кеңселері, брифинг-орталық қарастырылған. Ал ғимараттың қасбеті күн жылуын 70%-ға дейін өткізбейтін энергия үнемдейтін шыныдан жасалған, яғни қыс мезгілінде ғимарат ішінде жылуды сақтап, ал жазда жайлы қоңыр салқын ауа қалыптастырады. Жалпы құрылыс компаниясы Түркістанда 7 маңызды нысанды салуда, оның ішінде «Ұлы дала» мұражайы, «Hampton by Hilton» қонақүйі және 7000 орынды футбол стадионы бар.

Талғат ОРАЗОВ,
ғылыми қызметкер

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА

←1

Әулиенің ізіне ерген шәкірттері Түркістан атырабынан асып, оның ілімін төрткүл дүниеге мәшһүр етті. Мәселен, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Түркіменстан, Пәкістан, Үндістан, Сирия, Иран, Ирак, Әзербайжан, Ресей, Украина, Қытай, Түркия, Болгария, Босния және Герцеговина, Мысыр, Марокка мемлекеттерін атап өтуге болады.

Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығы мен өмірін кесенеде жерленген тұлғаларды жастар арасында насихаттап, патриоттық сезімді дамытуға үлес қосып, тарих танымын терең меңгертуге жол ашу бағытында қолға алынған байқаудың тамыры тереңдей түсті. Қалалық деңгейде бастау алған сайыс облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеге қол жеткізді. Биыл жиырма үшінші рет ұйымдастырылған байқау республикалық деңгейде өтті.

Байқауда еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Түркістан қалалары мен Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Түркістан облыстарынан 37 оқушы қатысты. Үміткерлер бірінші кезеңде «Баба мұрасы – балаға аманат» тақырыбы аясында Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін жатқа айтудан сынға түсті. Байқауға сақадай сайланып келген шәкірттер мүдірместен бірінен-бірі іліп алып жүйтки жөнелгенде көкіректі имани нұр, жалынды жыр кернеді.

Тыңдарман санасына бабаның асыл мұрасы шым-шымдап сіңіп жатты. «Қиналған жамбыл жері осы» дегендей екінші кезеңге өтетін білімпаздарды анықтау әділ қазылар алқасын да біраз терлетті. Дегенмен дарындының аты дарын. Екінші кезеңге алқынбай жеткен 23 оқушы Қожа Ахмет Ясауи және замандас шәкіртері «Әзірет-Сұлтан» қорық мұражайындағы руханиді-ни, археологиялық нысандар мен кесенеде жерленген тұлғалар жайлы сұрақтарға жауап берді. Қызықтың көкесі осы жерде басталды. Бірінші кезеңдегі суырылып шыққандардың кейбірі «тегіс жерде сүрініп» жатты, тәп-тәуір жауап бергендер қатарға ілініп жатты. Білім сайысының бағаланар тұсындағы толғаныстарын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Сонымен қазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге Түркістан облысы Сарыағаш ауданының қатысушысы Алма Қосабай (150 мың теңге) ие болса, бірінші орынды Түркістан облысы Сарыағаш ауданынан Өмірзақ Түленов (100 мың теңге), екінші орынды Шымкент қаласынан Ұлжан Аманжолова (75 мың теңге), екінші орынды Алматы облысынан Медеу Нұрмолда (50 мың теңге), үшінші орынды Қызылорда облысынан Сымбат Бейбітшілік (50 мың теңге) және Алматы облысынан Тоғжан Нұғман (50 мың теңге), Жамбыл облысынан Дилназ Үсенбаева (50 мың теңге) еншіледі. Сондай-ақ оқушылардың жетекшілеріне де ұйымдастырушылары тарапынан алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Байқауды өткізушілердің мақсаты иісі түркінің рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін насихаттау, өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандыру, интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру, кесенеде жерленген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін бойына сіңіру болып табылады. Қатысушылар «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат алып тарасты.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХЫН ТІРІЛТУДІҢ ТАРИХИ ФЕНОМЕНІ

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертетін түйткілді де озық дүниелерді қозғауы – Мәңгілік елдің рухани платформасы мен тәуелсіз сананы қалыптастырудың темірқазығы, жарқын үлгісі деп санаймын. Бұл айтулы мақалада түркілік өркениеттен бастау алатын қазақтың атқа міну мәдениеті мен жылқы малының алғаш рет Қазақстан аумағында қолға үйретілгендігі, қазақ жерінің ежелгі металлургиясының алғашқы орталықтарының бірі ретінде сипатталуы, Алтай өлкесінің ұлы көшпенділердің қасиетті мекені, түркі әлемінің бесігі саналуы, түркі дүниесінің рухани астанасы – Түркістанды облыс орталығына көшіруі және туризм ордасына айналдыру мәселесі, қазақ халқының ғұлама – шайырлары әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз Тәуке мен Абылай, Кенесары, Абай мен Шәкәрім, т.б. атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябақтар ашу мәселесін тапсыруы – өшкен тарихымызды қайта тірілтіп, елдігімізді жаңғыртудың, тәуелсіз ел атанудың айқын дәлелі деп айтар едім. Тұңғыш Президент осы мақаласында «Ежелгі Отырар – Ұлылар мекені» екендігін айта келе, көне Отырар қаласының бірқатар нысандары – үйлері мен көшелерін, қоғамдық орындарын, су құбырларын, қала қамалының қабырғаларын қалпына келтірудің жаңа жобаларын ұсынуы – туризмді дамытудың алғышарттары болып табылады. Мен Отырар ауданының тарихи-мәдени туристік әлеуетін жақсартудың концепциясы төмендегі механизм бойынша іске асуы керек деп санаймын:

• Отырардың туристік индустриясын мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, Отырар туризмін дамыту туралы арнайы ұзақмерзімді бағдарлама әзірлеу;

• Көне Отырар мен Оқсыз қалашығының және өзге де тарихи нысандардың инфрақұрылымын қалпына келтіру, қонақүйлер мен шайханалар, маусымдық киіз үйлер, демалыс саяжайлары мен мәдени саябақтар салу;

• Ауданның туристік қызмет бағаларын қолжетімді ету мен жергілікті туристік жарнама агенттіктерін құру, ауданымыздың туристік беделін қалыптастыруда республика аймақтарында және шетелдерде туристік ақпараттық орталықтарды ұйымдастыру;

• Аудан ішінен шетелдік қонақтарға сапалы қызмет жасайтын туристік ірі фирмаларды ашу;

• Шетелде Отырар ауданының тарихы мен туризмі туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудиобейне жарнама материалдарын шығару және белсенді түрде тарату қажет. Отырар ауданының туристік фирмаларының web-сайттарын құруға айрықша мән беру қажет. Көне Отырар өңірін туризмнің державасына айналдыру үшін ел Үкіметі мемлекеттік компаниялар тарапынан қаржылық қолдау шараларын іске асырып, жүйелі түрде көңіл бөліп отыруы керек деп санаймын. Мұндай тарихи бастамаға ел кәсіпкерлері де атсалысу қажет. Сондай-ақ, Түркия, Италия секілді шетел инвесторларын тарту жұмыстары кешенді түрде қолға алынса, аудан экономикасы дамып, жұмыссыздық мәселесі оңды шешілер еді. Ендеше, Отырар өңірін күллі әлемге танытатын керемет мүмкіндік туып отыр.

Біз руханиятымызды түгендеп, тарихи санамыз бен дүниетанымымызды тірілтетін уақыт келді. Тәуелсіздік – бұл ең қастерлі құндылық. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болу үшін бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық керек, ал тұрақтылық пен тыныштық болған жерде тіл де, дін де, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрып та, даму да болады. Мұны бүгінгі жаһандану қоғамы дәлелдеп отыр. 1731 жылдың 19 ақпанынан бастап, Кіші жүз қазақтарының патшалы Ресейдің қоластына өтуі мен 70 жыл кеңестік идеологияның шекпенінен енді босанған, санасы отарланған қазақтың рухын бір күнде тазарту – бұл иллюзия, жалған деп айтар едім. Бұхар жырау бабамыз айтады: «Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды» деп. 70 жыл бойы Кеңес үкіметі қазақ халқын елдігінен айырып, руханиятынан алшақтатып, тарихи тамырынан ажыратты. Біз Ұлы дала елі атану үшін ұлттық қадіріміздi қайтаруымыз керек. Ұлттық қадіріміз қайтқанда ғана халқымыздың санасы толыққанды тәуелсіз бола алады. Отарланған сананы тазартудың жалғыз жолы – ағартушылық жұмыстарды сапалы орындау арқылы кешенді бағдарлама әзірлеу және «Руханиятымызды жаңғырту» туралы жаңа заңдар қабылдау керек деп санаймын. Бұл аталған басымдықтар халықтық маңызы бар үлкен науқанға ұласуы керек. Бұл идеология жаңа реформа ертеңгі болашағына күмәнмен қарайтын жастарға сенім ұялататын, тарыдай шашыраған қазақтың басын қосатын жүйеге айналуы тиіс. Сол кезде ғана халқымыздың тарихи және саяси санасы оянып, толыққанды тәуелсіз, ешкімге жалтақтамайтын және жағымпазданбайтын, көркем мінезді, санасы түзу, білімі ұшқыр, тұрмысы бүтін әділетті де, демократиялық қоғам құруға үлкен мүмкіндігіміз бар. Бұл Алаш Орда үкіметінің асқақ арманы мен мұраты. Біз отбасы, қоғам болып болашақты баянды ету жолында кәсіби біліміміз бен қабілетімізді жұмсауға тиіспіз. Бұл біздің ата-бабалар алдындағы қасиетті борышымыз.

Ерқожа АБДУАХИТОВ,
Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ЖАС ХИКМЕТШІЛЕР ҚЫЛУЕТ ЖЕРАСТЫ МЕШІТІМЕН ТАНЫСТЫ

Дәстүрлі «Ясауитану – 2019» республикалық байқауына қатысушылар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі хандар мен сұлтандар, батырлар мен билердің мәңгілікке жай тапқан мекенімен танысты. Жастайынан Ясауи іліміне бет бұрып, даналық сөздерін санасына түйген дарындар ұлы сөз иесінің рухына бас иіп, мұраларын көзбен көрді.

Кесене ішінде жерленген тұлғалар және жәдігерлермен танысқан оқушылар жерасты қылуетіне келіп, қорық-музейдің экскурсия жүргізушілері Күнсұлу Әсетова мен Салтанат Ералиеваға сұрақтарын қойды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігінде 120 метр қашықтықта орналасқан «Қылует» жерасты мешіті – ерекше рухани тәрбиелік мәнге ие, терең тарихы бар ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің бірі. Кеңестік қызыл империяның солақай саясатының құрбаны болып кірпішіне дейін талан-таражға түскен бұл ғимарат кезінде он сегіз бөлмеден тұрған. Бұл жартылай жерасты құрылысы жан-жақты діни, рухани, мәдени қызмет атқарған кешен болуымен назар аудартады. Құрылыста адам өмір сүруіне, құлшылық-ғибадатын атқаруға қолайлы жағдай жан-жақты қарастырылған. Мұнда жер астындағы Қожа Ахмет Ясауи салдырған бір адамдық «Ғар» бөлмесіне қоса «Мешіт» бөлмесі, «Жамағатхана» залы, шәкірттерге арналған «Құжыра» бөлмелері, ыстық су дайындайтын, жуынатын, дәрет алатын бөлмелер де ескерілген. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтун» – жалғыз, оңашаланып өмір сүруге ұмтылу деген мағына береді.

Дана ақынның өмірі де, бейнесі де өз хикметтерінде нақты көрсетілген, көкірегі толып, көксеген арманын жыр жолдарымен жеткізген. Ясауи ислам ілімінің теңдесі жоқ жаршысы, насихатшысы. Ахмет Ясауидің – ағартушы, халықты білімге шақырған тұлға ретіндегі қызметі өлшеусіз.

САЛТ-ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Салт-дәстүр халықтық ұстанымдардың жиынтығы. Салт-дәстүрлер – халықтың өмір-тұрмысынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс. Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде қалыптасып, халықтың ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді. Қазақ әдет-ғұрыптарын отбасылық және қауымдық-қоғамдық ғұрыптар деп үлкен екі топқа жіктеуге болады. Отбасылық ғұрыптарға баланың дүниеге келуі, ержетуі, келін түсіру, қыз ұзату тағы басқалары жатса, қауымдық ғұрыптарды наурыз тойы, құрбан айт, ораза айт, ас беру, т.б құрайды.

Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрдің ажырамас бөлшегі. Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Әдет-ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Қазіргі таңда салт-дәстүр мәселесі алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт-дәстүр дағдылары мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке қарай адамдардың көбісі ырым мен салт-дәстүрді алмастырып жатады. Осы тұрғыда ескеретін жәйт, ата-баба өсиеті болып келе жатқан салт-дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым-жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған. Салт-дәстүрлердің ішіндегі бата беру, бала тәрбиесі, тамырлық әдет-ғұрыпқа қысқаша тоқтала кетсек.

Қазақтарда бата беру әдет-ғұрпы кеңінен етек алған. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналады. Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарата беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Әдетте батаны жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші жаратушы Алладан бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрып тұрып беріледі. Бата беру «әумин» деген сөзбен аяқталады.

Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. Қандай да болсын бір іске кірісерде, дастарқаннан дәм татуға отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанар әркім-ақ ақсақалдардан сұраған. Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жайы болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер тіленеді.

Бала тәрбиесі – халқымыздың ерекше көңіл бөлгендігін білдіреді. Қазақтың дәстүрлі тәрбиелік үлгі-өнегелері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Ерте кезеңнен-ақ ата-бабаларымыз бала, ұрпақ тәрбиесінде үлкенге тағзым, кішіге ілтипат етіп, бауырмалдыққа, мейірімділікке, ізеттілікке баулыған. «Тәрбие – тал бесіктен басталады», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген ұлағатты сөзді жадына әбден тоқыған. Сондықтан да баланың бауырмал, қайырымды азамат болып ержетуі, алдымен, ата-ананың тәрбиесіне, қоршаған ортаның үлгі-өнегесіне байланысты. Баланың алған тәрбиесіне қарай «тәрбиелі, өнегелі» екен деп тамсанса, оғаш қылық көрсеткен баланы «тәрбиесіз, өнегесіз» деп сөгетін болған. Қазақта ең ауыры – «тәрбиесіз», «тәрбие көрмеген» деген сөз. Әрине, қай қазақ балам жаман болсын десін, демейді де, сондықтан да «бетімді жерге қаратпа» деп өсиет тәрбиесін айтып отыратыны белгілі.

Жиналып тұрған топқа жақын келген адам оларға бірінші болып сәлем беруге міндетті. Атты адам жаяу кісіге, жасы кіші үлкендерге бірінші болып сәлем береді. Алға келген астан алдымен жасы үлкен адам дәм татады. Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге де болмайды. Балаларға жақсы тәрбие, үлгі-өнеге беруде мақал-мәтелдердің атқаратын рөлі зор. Халық даналығы балаларды еңбексүйгіштікке, алды-артын аңдап сөйлейтін сақтыққа, адамгершілік асыл қасиеттерге баулиды. Мәселен, «Аққа Құдай жақ», «Батырдың күші – айласында», «Асықпаған арбамен қоян алады», «Еңбек етсең ерінбей, тоя-ды қарның тіленбей», «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Жаздың бір күні жылға азық», «Жақсыда жаттық жоқ», «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақсы жігітке жеті өнер де аз» сияқты мақалдардың тәрбиелік маңызы зор. Тамырлық әдет-ғұрпы – қазақтардың арасында достасып-бауырласу немесе тамыр болу әдет-ғұрпы да кеңінен тараған. Бұл рәсім куәлардың көзінше салтанатты жағдайда өткізіліп, нығайтыла түскен. Рәсім кезінде екі дос қылыштың не қанжардың жүзін сүйіп, мәңгі адал дос болуға серттесіп, ант ішіскен. Олар бір-біріне мәңгі достықтың белгісі болсын деп қымбат бағалы бұйымдар ұсынған. Дос-жаран, тамырдың үйінде қашан болса да қонуға болатын, ал үй иесі оған қолдау көрсетіп, қамқорлық жасайтын. Кезінде Қазақстан аумағында Ресей қазақтары мен қоныс аударып келген орыс шаруаларының пайда болуына байланысты мал өсіретін көшпелі қазақтар мен егін салатын отырықшы орыстардың арасында достасып, тамыр болу әдет-ғұрпы етек алды. Іс жүзінде әр қазақтың орыс шаруалары мен шекара шебіндегі әскери қазақтардың арасында өзінің тамыр-досы болды. Мұның өзі халықтар арасындағы достықтың кеңінен қанат жаюына игі ықпалын тигізді. Әдетте олар бірінің тілін бірі үйренді, бірінің мәдениетін бірі құрметтеді. Бұл әдет-ғұрыптың ең мықты түрі дос-тамыр болу еді. Олар бір-бірінен өздеріне ұнаған нәрсесінің бәрін де қалап ала алатын. Дос-тамырлық әкеден балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кете беретін сипат алды. Бұл жазылмаған заңдылық.

Қорыта айтқанда, ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесімен қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді ұлттық кодымыздың анықтаушы бір элементі ретінде қоғамдық, отбасылық іс-әрекетімізде, тұрмыс-салтымызда ұстануымыз керек. Себебі, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы – қазақ халқының өзіндік дәстүрлерін бойына сіңіре білетін, салт-дәстүрлерімізді ұғына білетін, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра білетін, ұлттық рухпен қаруланған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіншілік аламыз. Халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерді ұрпақ санасына сыздықтатып болса да дұрыс жеткізе білсек, ұлтжанды азаматты қалыптастырдық деп, нық сеніммен айтуға болады.

Индира ДЖАЛИШЕВА,
кіші ғылыми қызметкер

25-ХИКМЕТ

АШ, ЕЙ, МОМЫН, КӨЗІҢДІ

Аш, ей, момын, көзіңді,
Сахар мезгіл болғанда.
Құтқар оттан өзіңді,
Сахар мезгіл болғанда.
Сахарларда барша гүл
мадақтайды Құдайды,
Айтып бұлбұл аңсарын,
махаббаттан жылайды.
Зікір қылсаң еңісте,
сахар мезгіл болғанда.
Түсер көктен періште,
сахар мезгіл болғанда.
Жазықта нұр аққасын,
сахар мезгіл болғанда.
Ашар жәннат қақпасын,
сахар мезгіл болғанда.
Ояу құлдар кек қыспай,
сахар мезгіл болғанда.
Өлетінін еске ұстай,
сахар мезгіл болғанда.
Сахар сырын жалғанда
ғашық құлдар ұғады,
Қорқыныштан көкке ұшқай,
сахар мезгіл болғанда.
Көрер олар Құдайын,
сахар мезгіл болғанда.
Кеудеңе нұр толғанда
жүрегіңді қолға ал да,
Сахар мезгіл – хош сағат,
болар рахат һәм жәннат.
Тәңірге қыл ғибадат,
сахар мезгіл болғанда.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

МЕКТЕПТЕРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТЫЛҒАН

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкерлері Түркістан қаласындағы №26 және №22 жалпы орта мектептерінде «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектурасы және жәдігерлері» атты көрме ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын насихаттау аясында қолға алынған осынау іс-шарада қорық-музейдің экскурсоводы Салтанат Ералиева «Қожа Ахмет кесенесінің тарихы» тақырыбында лекция оқып қатысушылар сауалдарына жауап берді.

Ұстаздар мен жоғары сынып оқушылары кесенеде сақталған XIV ғасырдың жәдігерлері қасиетті Тайқазан мен шырағдандардың суреттері және өзге де тарихи құнды мұраларды тамашалап, тұлғалар жайлы қорық-музей шығарған кітаптармен танысты.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ТҮРКІСТАНДА ЖЕРЛЕНГЕН ШОҢ БИ ЖАЙЛЫ ДӘРІС ӨТТІ

Түркістан қаласы Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясында Ұлы даланың ұлы есімдерінің бірі Шоң би Едігеұлы жайлы дәріс жүргізілді.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ұйымдастырған танымдық лекцияны музей қызметкері Ардақ Бейсенова жүргізді.

Дәстүрлі билер институтының көрнекті өкілі Шоң бидің өмірі мен қоғамдағы рөлін, үлгі-өнегеге толы өсиет сөздерін ерекше ықыласпен тыңдаған оқушылар, түрлі сауалдар қойып, тиісінше пікір алмасты.

Зерттеушілердің пікірі бойынша Шоң би 1764 жылы дүниеге келіп, 1836 жылы қайтыс болған. Шоң би туралы зерттеген Г.Мұхтарова оның азан шақырып қойған есімі – Ақдәулет деген жорамал айтады.

Шоң туралы көптеген мәліметті кейінгі ұрпаққа Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы арқылы жеткен. Оның деректерінде: «Шоң бидің әкесінің аты – Едіге, шешесінің есімі – Борсық.

1833 жылдың 1 қарашасында алғаш рет Патша бекіткен Ереже бұзылып қарадан шыққан Шоң биді Аға сұлтан тағайындаған бұйрық шығады. Бұл кезде Шоңның жасы 70-ке келіп қартайған кезі болатын. Ал ел аузында кең тараған жыр, әңгімелерге Шоңның әулиелігі мен билігі арқау болған. Сондай әңгімелердің бірінде былай деп айтылады: «...Шоң би дүниеден қайтып, денесін былғарыға орап, қыс ішінде 100 жылқымен Әзіреті Сұлтанға апарыпты. Әзіреті қожалар; арқаға қойып үш жылдан соң алып келсеңдер еді, елінің құты екен. Құт шайқалады ғой», десіпті. Шоң бидің өлген жылы қой жылы екен. Келер қысына «Қумешін» деген жұт болыпты» деп жазылған.

Шоң би 72 жасында дүниеден өтіп, Баянауылда қайтыс болады. Бидің сүйегін 2 мың шақырым жер жүріп Түркістандағы Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына әкеліп жерлейді. Өкінішке қарай дана да дара бидің құлпытасы сақталмаған.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

БАБА РУХЫ ТҮЛЕГЕН КҮН

Кешегі мен бүгінді бірдей шолып, құбылыс пен болмыстың барша сырын жан-жақты қарастыра, өткеннің қапысын дөп басып, болашақтың бағдарын тұспалдап, ұрпаққа өсиет еткен бабалар рухы ел игілігіне қызмет етуде. Бүгінгі ұрпақтың айтылар аталы сөзі, атқарар міндеті бабалар өсиетін құрметтеуге, ынтымақ пен ауызбіршілікке бағытталса келешегіміз де нұрлы болмақ.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей құрамына діни-рухани ескерткіш ретінде тізімге алынған Үкаша ата кесенесінде «Үкаша ата тарихы» музейі іске қосылды.

Тарихи құндылықтар мен шежірелер сыр шерткен музейдің лентасын «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары Мұрат Тастанбеков, Түркістан қаласының Құрметті азаматы Ақсақалдар алқасының мүшесі Толқын Құдайбергенұлы, Түркістан қаласы ардагерлер кеңесінің мүшесі Бектас Шірікбаев қыйды.

«Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Музей экспонаттары дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді» – деп атап өткендей Үкаша ата музейі де елімізде ислам дінінің таралу кезеңінен сыр шертеді.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің алға қойған мақсатының бірі – Үкаша ата кесенесінде музей ашып, төл жәдігерлерді жинақтау және тарихын тереңінен насихаттау болатын», деді қорық-музейдің орынбасары Мұрат Тастанбеков.

Музейге Құран кітаптары мен Үкаша атаға қатысты аңыз әңгімелер және суреттер, Үкаша атаның шежірелері, VII-IX ғасырларға тән хумдар мен құмыралар, суағарлар VII-XIII ғасырлардан жеткен үккіш тастар мен диірмендер, XIX-XX ғасырларға жататын мыс құмғандар және тағы да басқа жәдігерлер, Үкаша ата кесенесін қалпына келтіріп, айналасын абаттандырған алғашқы шырақшы Кәміл қары мен оның жәрдемшісі Атажанның суреттері, өлкенің тарихынан сыр шертетін археологиялық жәдігерлер мен музей жанашырларының сыйға тартқан көне әшекей бұйымдары, тарихи кітаптар қойылған.

«Кәміл қары мен Атажан атамыз асармен үлкен кесене тұрғызған. Осы жерге тал егіп, бұлақтың суымен айналаны көгертіпті. Ол 1947 жылдың басы болатын. Біз де көмек беріп, аталарымызға қолғабыс жасағанымыз есімде. Көмекке көп адамдар келді. Аттылы, жаяулы адамдар қона жатып, көмектесіп, әрі зиярат жасайтын», – деді Кәміл қарының ұрпағы Толқын Құдайбергенұлы тебірене еске алды. Бұл музей рухани жаңғырудың тікелей нәтижесінде ашылып отыр. Осынау игі іске мұрындық болған «Әзірет Сұлтан қорық музейінің қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ деді. Экскурсияны музей қорықшысы Шәмшидин Закиров қызықты тың мысалдармен таныстыра жүргізді. Үкаша сахаба өмір сүрген кезеңнен көрініс беретін құнды жәдігерлерді, Түркістан өңірінің тарихын және музей ісін кеңінен насихаттау мақсатында ашылған музейді шараға қатысушылардан бөлек, Ақтау, Алматы, Қостанай өңірінен келген зияратшылар да тамашалады. Салтанатты іс-шараға қатысушы ел ағалары мен ақсақалдар, қорық-музей басшылары, дін өкілдері ұйымдастырылған іс-шараның адам бойында да өзіндік бағыт-бағдарын, жан дүниесі ерекшеліктерін, инабаттылық қасиеттерін, рухани дүниесін байытатын қажеттіліктері мен қызығушылықтарын анықтай алатын, талғамы мен ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда үлесі зор екенін сөз етті. Салтанатты шара соңы бабалар рухына ас беріп, Құран бағыштауға ұласты.

Сакен ШАМЕТОВ,
ғылыми қызметкер

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

КАТТА ЛАНГАР ҚҰРАНЫ

Құранның терең тарихында ерекше орынды оның ежелгі нұсқалары алады және де соңғы кездері біздің назарымыздағы қатталангарлық Құран өзіне айрықша назар аударуда. Оның бұлай аталуы тектен тек емес, яғни оның табылған жері Өзбекстандағы Қатта Лангар ауылымен байланысты. Айта кетсек бұл тарихтағы бізге жеткен ең ескі Құран көшірмелерінің бірі.

Ол Осман Құраны немесе самарқандық Куфи Құраны деп те аталатын Құран бөлігіне кіреді және де қазіргі таңда Өзбекстандағы Хазіреті имамның кітапханасында сақталуда. Соңғы онжылдықта іске асырылған зерттеулерден бұрын, самарқандық бұл Құран дүниедегі ең ескі Құран мәтіні саналатын. Ғалымдардың басым бөлігі аталған нұсқа VIII - IX ғасыр аралығында жазылған деген келісімге келеді.

Тіпті бұл кітап жайлы Sevimli TV мен өзбекстандық Би-Би-Си қызметімен «Қатталангарлық Құранның фактілері мен аңыздары» атты документалды фильмдер сериясы түсірілген-ді.

Бұл кітаптардың тікелей тарихына өтпес бұрын Құранның кітапша нұсқасының пайда болу тарихына тоқталып кетсек. Белгілі болғандай Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) кезінде қазірге кездегі біз білетін Құран нұсқасы болмаған. Оның себептері бірнеше. Олардың қатарына біз Уахидің толығымен бітпеуін, Мұхаммед пайғамбардың тірі болуын немесе Құранды қажетсінетіндей Исламның айтарлықтай кең аумаққа таралмауын да жатқыза аламыз.

Пайғамбардың (с.а.с) қайтыс болуы, одан кейінгі Исламның басқа аумақтарға таралуы, кейінгі кездері сүре, аяттарды жатқа білген сахабалардың әртүрлі соғыстар мен басқа да жағдайлардан азаюы мен адамдар арасында әртүрлі Құран нұсқаларының пайда болуының алдын алу мақсатымен оның жазба түрін шығару шешімі қабылданады. Бұл істі мұқияттылықпен, егжей-тегжей жүзеге асырған Зәйд ибн Сабит болған. Ислам тарихында мұсхаф сөзі көбінесе Құран сөздерін жазба пішінге көшіру процесімен байланыстырлады. Яғни, Құран бұл Алладан түскен уахидің мағыналық, сөзбе-сөз пішіні болса, мұсхаф оның жазба, кітап бетіне түсірілген пішіні болып табылады.

Шамамен сол жасалған Құранның әуелгі бес данасы Халифаттың басты шаһарларына жіберіліп, ал алтыншысын Осман өзінде қалдырған деседі, ал Османның соңғы тақ мұрагері, төртінші халиф Әли аталмыш қолжазбаны өзінің жаңа қаласы Куфаға алып кеткен деп есептейді зерттеушілер.

Бұл Құранның Орталық Азияда, оның ішіндегі Самарқанда сақталуына қатысты бірнеше нұсқа бар. Ол туралы өздерінің еңбектерінде осы мәселемен тікелей айналысқан А.Л.Кун, А.Ф.Шебунин, В.В.Лунин, Т.А.Стецкевич тәрізді зерттеушілер келтіреді.

Зерттеушілердің көбі дәйекті деп санайтын нұсқа мынандай: Осман Құраны Әмір Темірдің Сирия немесе Ирактағы жаулаушылық сапарының бірінде алынып, әуелде оның кітапханасында және одан соң қандай да бір себептермен Қожа Ахрардың мешітінде сақталады. 1868 жылы Самарқанд патша әскерімен жауланып, Ресей империясының Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енгізіледі. Зеравшан округінің басшысы генерал-мойор Абрамов Құранның ерекше қолжазба нұсқасының бар екендігін білгендігі нәтижесінде Құран оның қолына түсіп, әрі қарай Түркістанның генерал-губернаторы арқылы Петербургке жіберіледі. Санкт-Петербургтің көпшілік кітапханасына түсіп, шығыстанушылардың зерттеу нысанасына айналады. Алайда, кейін Кеңес Одағы кезеңінде ол Өзбекстанға қайтарылады.

Ал енді Құранның өзіне келетін болсақ, танымал құрантанушы арабист Ефим Резван 1989 жылы жарық көрген «The Qur'an and its World» («Құран және оның әлемі») атты мақаласында терең зерттеу нәтижесінде ол қолжазба араб грамматикасының қағидалары қалыптасқан кезде, яғни шамасы VIII ғасырдың соңғы ширегінде жасалған деген тұжырымға келеді. Осы теорияға бірнеше еуропалық ғалымдар да қосылып қатталангарлық Құран Осман Құранының көшірмелерінің бірі екендігімен келіседі. Бұл қазіргі күнге дейін сақталған Ислам киелі кітабының жазбасы.

Кітап өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап терең зерттеле бастады. Е.Резван Петербургтегі Ресей Ғылым академиясының Шығыс жазбаларының институтында сақталып тұрған ерекше манускрипт Осман Құранының бір бөлшегі болуы мүмкін, ал ондағы қан дағы әбден Осман халифке тиесілі болуы ықтимал деген тұжырымға келеді.

2000 жылдың мамырында ресейлік және нидерландтық ғалымдар Гронинген университетінің «Изотоп» зерттеулік орталығында қолжазбаның пергамент нұсқаларының радио-углеродттық сараптамасын іске асырған еді. Алынған мәліметтер қолжазба 775 пен 995 жылдар арасында жазылуы мүмкін дегенді көрсетеді. Осы деректерге сүйеніп, ғалымдар қолжазбаны сеніммен VIII ғасырдың соңғы ширегіне жатқызуға болады деген шешімге келеді.

Жинақтай келгенде бүгін аталған Құран нұсқасының біздің қолымызда 97 беті немесе соның жартысы ғана бар. Оның 16 беті Өзбекстанан табылса, қалған 81 беті қазіргі таңда Петербургтегі Ресей Ғылым академиясының Шығыс жазбаларының институтында сақталуда. Мамандардың болжауынша Катталангарлық Құранның жалпы көлемі 206 бетке жетуі мүмкін, яғни бүгінгі таңда оның жарты бөлігінің тағдыры белгісіз, сондай-ақ аталған жазбалардың Ресейде пайда болу тарихы да әзірге беймәлім.

Осыған орай бізге де тарихтағы ең құнды Құранның бөлшегін көзбе-көз көруге мүмкіндік туды. Өзбекстан делегациясы аталған Қатталангар Құранының факсимильдік көшірмесін Түркістандағы «Әзірет-Сұлтан» музейіне табыстады. Көшірменің сапасы жоғары деңгейде жасалған десек болады, себебі оны жасауда Петербургтегі Ресей Ғылым академиясының Шығыс жазбаларының институты аустриялық компанияның көмегімен Құран көшірмесін даярлаған.

Құранның басқа әлемдегі кітаптардан басты ерекшелігі оның тек қана мұсылмандар үшін қастерлі болуы, адамзатқа нұр шашып, олардың өмірін ахлақи, білімдік қасиетпен толтыруында ғана емес, сондай-ақ оның өзіндік стилінің бар болуы, оның тек мазмұныны ғана емес, тіпті әріптерінің өзгеріссіз келуі оны жер бетінде баламасы жоқ кітап екендігін көрсетеді. Осы себептен Құранның бізге берері шексіз, әрбір жаңа зерттеулер оның жаңа бір қырын ашады, сондықтан біз осы бағытта әрі қарай да зерделі зерттеулер жасай беруіміз қажет.

Сұлтан БАЙСЕИТ,
кіші ғылыми қызметкер

ҚОЛТАҢБА

СӨЗ ҚҰДІРЕТІН ТАНЫТҚАН ТҰЛҒА

Журналист, кино сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сауытбек Абдрахманов 1951 жылы 7 қарашада Қазығұрт ауданында дүниеге келген.

ҚазМУ-ды 1975 жылы бітірісімен «Егемен Қазақстан» газетінде әдебиет және өнер бөлімінің тілшісі, бөлім меңгерушісі, редакция алқасының мүшесі (1975-1987 ж.ж.) қызмет атқарды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы, мәдениет секторының меңгерушісі болып қызмет атқарды (1987-1990 ж.ж.).

ҚР Президентінің, Министр Кабинетінің аппаратында аға референт, ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1990-1995 ж.ж.), Мәдениет министрінің Бірінші орынбасары болды.

1997-2000 жылдары «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті.

2000-2003 жылдары «Егемен Қазақстан» газеті акционерлік қоғамының президенті болды.

14.09.2003-12.07.2004 ж.ж. ҚР Ақпарат министрі.

2004 жылғы шілдеден «Егемен Қазақстан» республикалық газеті акционерлік қоғамының президенті қызметтерінде болды.

Ол «Біздің Пушкин», «Тәуелсіздік шежіресі», «Адамзат күнтізбесі», «Елдік сыны», «Бер бана ат», «Коран и Пушкин», «Төлтума мен төлтума», «Перевод поэзии и поэзия перевода» кітаптарының, «Париж. ЮНЕСКО. Әуезов», «Қажылық», «Ертегілер еліндегі екі күн», «Мадридтегі мереке», «Мәңгілік мұрат», «Армысың, Астана!», «Биіктік» фильмдерінің авторы.

Қырыққа жуық көркем фильмді тәржімаласа, В.Солоухиннің, Д.Кабалевскийдің шығармаларын, арабтың «Бейбарыс сұлтан» туралы халықтық романын, В.Гюгоның «Аласталғандарын» (2-ші кітап) қазақ тілінде сөйлеткен. «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты қос томдық қазақ поэзиясы антологиясының құрастырушы-авторы да Сауытбек Абдрахманов.

Оның сарабдал журналистік, жазушылық шығармашылығы жоғары бағаланады.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Журналистика саласындағы Президент сыйлығының лауреаты.

Б.Бұлқышев атындағы Жастар сыйлығының лауреаты (1981 ж.).

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1982 ж.).

«Жыл журналисі» атағын алған (2006 ж.).

Филология ғылымдарының докторы.

2005 жылы «Парасат» орденінің иегері.

Ресей сөз өнері академиясының «Ревнителю просвещения» медалімен марапатталған.

Украинаның «За працю і звитягу» («Ерлігі мен еңбегі үшін») медальдарымен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің мүшесі.



Дайындаған
Дина ӘДІЛБАЕВА

ТЕҢГЕНІҢ МОЛ ҚОРЫ САҚТАЛҒАН МУЗЕЙ

Музейдің қорында сақтауға алынған нумизматикалық жәдігердің жылпы саны 13628 дана. Нумизматикалық жәдігерлер қорындағы ескерткіштердің өзі ішінара негізгі және көмекші қор жәдігерлері болып бөлінген. Негізгі қор жәдігерлері қатарына археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық табыстар, көмбелер, сирек кездесетін нумизматикалық жәдігерлер енгізілген. Қордағы негізгі қор жәдігерлерінің көпшілігі белгілі нумизмат-ғалымдар тарапынан зерттеліп, ғылыми айналымға түскен.

Мұражайдың нумизматикалық жәдігерлер қорында Түркістан аумағының әр жерінен табылған ортағасырлық ақша көмбелерінің орны ерекше. Қазіргі таңда мұражай қорына түрлі жолдармен келіп орын тепкен 11 көмбенің жәдігерлері толықтай есепке алынған. Атап айтар болсақ, 1996 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған «Яссы-Күлтөбе», 1998 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған «Тоған», 1998-2000 жылдар аралығында Түркістан оазисі қалаларында (Сауран, Иқан, Қосқорған, Төрткүл (Құшата), Төрткүл II, Жүйнек, Міртөбе) жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көмбе жәдігерлері қордың негізін құрайды. Бұл көмбелердің көпшілігі қазақстандық нумизмат-ғалым Р.Бурнашева және өзбекстандық ғалым Л.Шпенева тарапынан зерттеліп, осы ғалымдардың түрлі ғылыми еңбектеріне өзек болған.

Мұражайдың нумизматикалық жәдігерлер қорында археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған ақша көмбелерімен қатар кездейсоқ табылғандары да бар. 2002 жылы қала тұрғындары Қарашық өзені маңындағы мазаратта мәйітті жерлеу кезінде шамамен 6000 данадан тұратын мыс ақшалар көмбесін тапқан. Алайда, белгісіз себептермен мұражай қорына 4073 данасы ғана өткізілген. Көмбені зерттеген өзбекстандық ғалым Л.Шпенева көмбенің түгелдей Темір әулетінің билеушісі Ұлықбек жүргізген ақша реформасынан кейін соғылған мыс ақшалар екендігін анықтады.

2012 жылдың ақпан айында Ораңғай елді мекенінің тұрғыны кездейсоқ тауып алған XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде соғылған 54 дана мыс фельстерді (мыс ақшалар) мұражай қорына өткізді. Бұл көмбе ақшалары осы жолдар авторы тарапынан зерттеліп, ғылыми айналымға жіберілді. Сол жылдың наурыз айында Шаян ауданы Сарыбұлақ елді мекенінің тұрғыны тау етегіндегі Құрысай деген жерден табылған 450 дана мыс ақшалар көмбесін әкеліп өткізді. Көмбені зерттеу барысында көмбе XIII ғасырдың екінші жартысында соғылған Шағатай ұлысының күмістелген мыс дирхемдері екендігі анықталды. Бұл көмбе зерттеліп, нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда жарық көрді. Зерттеулер нәтижесінде, Отырарда XIII ғасырдың екінші жартысында соғылған Шағатай ұлысының күмістелген мыс ақшаларын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде кездеспейтін тың жаңалықтар көрініс берді.

Бүгінгі танда Қорда 18 дана алтын, 500-ге жуық күміс жәдігерлер сақтауға алынған. Алтын жәдігерлердің 15 данасы XIII ғасырдың екінші жартысында соғылған Моңғол империясы ақшалары болып табылады. Құнды металдардан соғылған ақшалардың барлығы дерлік республикалық сынамдау палатасында тексеріліп, құрамы анықталған.

Нумизматикалық көмекші қор жәдігерлері мұражай археологтары тарапынан жыл сайын жүргізіліп тұратын қазба жұмыстарында табылғандар сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристер мұражай сейфтеріне салған ақшалары есебінен толығып отыратын «Әлем халықтары ақшалары» коллекциясынан тұрады.

Толқын ЖОЛДАСОВ,
қор сақтаушы

ҚУ АҒАШҚА ЖАН БІТІРГЕН ҰСТА

Ел ішінде «ағаштан түйін түйген» ұсталар аз емес. Солардың бірі Гаухарбек Баянбайұлы Күнхожаев – Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Мақташы ауылында 1965 жылы дүниеге келген.

Гаухарбек Баянбайұлы – Шымкенттегі әл-Фараби атындағы мәдениет институтын 1991 жылы музыка және ән мамандығы бойынша тәмамдаған жоғары білімді маман. Гаухарбек Баянбайұлы оқу бітіре салысымен Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы қазақ-түрік университетінің мәдениеттану кафедрасында дәріс берген. Қазір қолөнер бұйымдарын көпшілікке ұсынып жеке кәсіпкерлікпен шұғылдануда.

Гаухарбек Баянбайұлы Түркістан қаласында өткен «Ұлы дала жауһары» республикалық қолөнершілер байқауының жүлдегері. Гаухарбектің алғашқы жасаған «Түркістан» атты авторлық домбырасы Тұңғыш Президент жеке мұражайында сақтаулы.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚАБАНБАЙДЫҢ КӨПТЕГЕН ЕРЛІК ІСТЕРІ

Қабанбайдың көптеген ерлік істері Абылайдың жоңғарларға жасаған жорықтарына байланысты. 741 жылы сондай жорықтардың бірінде Шыңғыстау да өткен шайқаста ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Абылай хан оған «Дарабоз» деген атақ берген. Осыдан бастап замандастары оны «бас сардар» немесе «Дарабоз» деп атаған.

Қабанбай қатысқан ауқымды соғыстардың алғашқысы – 1718 жылғы Аягөз шайқасы. Ұрыста найман қолын басқарған ол асқан батырлығымен көзге түседі. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» кезінде Қабанбай қарулас достары Елшібек, Бердіқожа, Малайсары батырлармен бірге Түркістанды қорғауға қатысты. Алғаш рет қазақ қосындарының жаудың бетін қайтарған 1728 жылғы Бұланты шайқасы. 1730 жылғы Аңырақай Алакөл ұрыстары да Қабанбай батырсыз өтпеген.

ХАБАРЛАМА

Қараша айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 3 357 995 теңге түсті. Осы сомадан: банк қызметіне 11 606 теңге, шаруашылық жұмыстарына 200 000 теңгесі жұмсалды. Жалпы, қараша айындағы шығындар сомасы 211606 теңге келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады. 3146389 теңге келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Талғат ОРАЗОВ

Беттеуші-дизайнер
Мұстафа АЛМАСҰЛЫ

Фототілші
Ғабит ТҰРСЫНБАЕВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail:
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі,
22 үй.

Кезекші редактор
Сакен ШАМЕТОВ

Тапсырыс № 3395